

6D041600-Өнертану мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алуға ұсынылған Күзеубай Аманкелді Ұзақбайұлының «Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша)» докторлық диссертациясы мәтініне

## АНДАТПА

**Зерттеудің өзектілігі.** ХХІ ғасырдың бастапқы ширегінде және Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл толған уақытта өз мемлекетіміздің дербестігін толық нығайту үшін тек саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық институттарды ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік идеология мен мәдениетті дамыту қажет. Бұл бағыт «Қазақстан -2050» Стратегиясының «Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі» атты 7 бөліміндегі «Мәдениет, дәстүрлер және даралық» бөлімшесінде анық көрсетілген. Мәдениет және өнер аясындағы ұлттық дәстүрлерді, оның ішінде, қазақтың төл *ән-күй-жыр* өнерін қайта қалпына келтіру, жаңғырту, ал музыкатану ғылымында осы дәстүрлердің қазіргі хал-ахуалын білу, зерттеу мәселелері өте өзекті болып табылады.

ХХ-шы ғасырда әлеуметтік-тарихи өзгерістерге байланысты қазақ (және басқа да шығыс) дәстүрлі музыка өнерінің қызметі және оны әрі қарай жалғасудың құрылымдық негіздері бұзылды. ХХІ-ші ғасырда глобализация процесстері күшею жағдайында халықтың табиғи поэзия, музыка дәстүрлерін сақтау үшін олардың өміршең күшін көрсетіп, орындалып, қазіргі қоғамда өзінің қызметін атқару және даму жолын таба білуі керек. Мұны іске асыру шарттарының бірі – бұл өнердің рухани құндылықтарының *таралым жолдарын қарастырып, айқындау.*

Диссертациялық жұмыста *ұлттық музыкамыздың бүгінгі таралым мәселесінің өте маңызды да, өзекті құрамдас бөлігі ретінде* дәстүрлі әннің қазіргі мәдениеттегі орны, бұл өнердің ерекшеліктері және де осы өнердің өкілдерін, яғни, қазіргі дәстүрлі музыканттарды тәрбиелеу мәселелері қарастырылады. Бұл қатарда дәстүрлі әншілердің дауыс табиғатын, ән салу өнерінің қалыптасуын, дәстүрлі вокалдың (еуропалық вокалмен салыстыра отырып) ерекшеліктерін, әншілердің домбырада қоспап тарту сипаттарын зерттеу - аса маңызды мәселер.

**Зерттеудің нысаны.** Қазақтың дәстүрлі ән өнері.

**Зерттеудің пәні.** Қазақтың дәстүрлі ән өнерін таралым мәселелері және Арқа әншілік дәстүрінің орындаушылығын сақтау, жалғастыру жолдары.

**Зерттеудің мақсаты.** Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелерін анықтау жолында Арқа өңірі бойынша ұлттық ән салу (дәстүрлі вокал) негіздерін зерттеу, ән өнеріндегі орындаушылық терминдермен бірге кейбір жеке орындаушылық стильдердердің әнді домбырамен қостай айту ерекшеліктерін айқындау және бүгінгі дәстүрлі әнге оқыту саласында (жоғары білім беру және музыка мектептері бойынша) әдістемелік жүйе қалыптастыру мәселелерін шешу.

**Зерттеудің міндеттері.** Диссертациялық жұмысымызда тақырыптың өзектілігіне және жоғарыда бекітілген мақсатына сай келесі міндеттерді шешуге талпындық:

- бүгінгі таңда жалпы дәстүрлі қазақ музыкасының Қазақстан мәдениетіндегі орынын (кеңес заманынан бері қазіргі жаһандану кезеңіне дейін), хал-ахуалын, қызметін анықтау;
- ұлттық музыка өнерінің бүгінгі таралым мәселелерін анықтай отырып, белгілі бір дәрежеде нақты мәселерді шешу барысында ән өнеріне, оның ішінде, Арқа әншілік дәстүріне, жеке зер салу;
- әншілік дәстүрді таралым мәселесі бойынша қазақ ұлттық ән өнерін, оның ішінде, *вокал ерекшеліктерін* салыстырмалы түрде (еуропалық академиялық вокалмен салыстыра) зерттеу;
- қазақ вокал негіздерін жоғалтпау мақсатымен қазіргі таңда дәстүрлі әншілерге дауыс қою мәселесін, жалпы әншінің дауыс қызметін зерттеу;
- әншілердің дыбыс техникасы және резонаторлар қасиетін анықтау үшін қазіргі компьютерлік-техникалық мүмкіншіліктерді, яғни, ән салу процессінде әнші даусының физикалық-акустикалық өлшемдерін қолдану;
- әншілік орындаушылық стильдерді сипаттау үшін арнайы ықыласпен аспап сүйемелін, домбыра қағыс терминдерін және әуен, ырғақ, т.б. музыкалық тіл қасиеттерін қарастыру;
- әншілік өнер таралымы мәселесімен тығыз байланысты қазіргі дәстүрлі әншілерді оқыту жүйесін дәстүрлі «ұстаз-шәкірт» жүйесімен салыстырмалы түрде талдау;
- музыка мектептеріндегі «Дәстүрлі ән» маманы бойынша оқыту мәселелерін ғылыми түрде зерттеу, мамандық бойынша бағдарлама, оқу әдістемесінің жүйесін нығайту, қалыптастыру.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Қазақтың этномузыка саласында бүгінгі таңда Арқа ән мектебінің тарихы және теориялық тұжырымдарын қалыптастырған А. Байгаскина, С. Елеманова, И. Қожабеков, Д. Амирова, Р. Несіпбай және Б. Тлеухан, А. Байбек, т.б. еңбектеріне арқа сүйей отырып, мәселені одан әрі тереңірек талдауға тырыстық. Өз зерттеу жұмысымызда біз Арқа әншілерінің орындаушылық қырларындағы маңызды тұстарын, яғни, ән салу мәнері, дыбысты игеру, резонаторларды тиімді пайдалану, тынысты дұрыс алу сынды ерекшеліктерді талдап көрсетеміз және де дәстүрлі ән салу мен академиялық ән салу мәнерінің кейбір айырмашылықтарына тоқталамыз. Аталған тақырыптың негізгі өзектісіне айналып отырған дәстүрлі әннің *таралым* мәселесі болғандықтан, зерттеуде жас буынды дәстүрлі әнге оқыту жолын анықтау тақырыптың өзектілігін арттыра түсуде. Таралым мәселесіне қатысты балалардың жас ерекшеліктері мен дауыс сапасын тану, осы тұрғыдан біз өнертанушы Ә. Нұғыманова еңбегін негізге алдық, зерттеу жұмысында дәстүрлі ән мен академиялық ән салу мәнерінің өзгешеліктерін талдауда Т. Забирова, А. Қожахметова, Қ. Байқуатұлы, Қ. Әбікейұлы т.б. ғылыми еңбектерінің нәтижелеріне сүйеніп отырмыз.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралу мәселелері мәдени-тарихи контексте алғаш рет қарастырылып отыр және бірінші кезекте әдіснаманың жүйелік талдауын қажет етеді. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негіздері –дәстүрлі әнді кешенді, әрі жүйелі түрінде қарастыру және қазақтың ән өнерін аймақтық шеңберде зерттеу. Кешенді зерттеуде дәстүрлі әннің аймақтық ерекшеліктеріне сай ән салу аппараты, ұлттық дауыс энергетикасының жасалу әдісі, дұрыс тыныс алу тәсілі, әншінің орындаушылық ерекшеліктерін, т.б. біртұтас, жүйелей зерттеу.

Бүгінгі күні қазақ этномузыкасында қазақ ән өнері, қазақтардың дәстүрлі білімі және музыкасы жайында отандық ғалымдар А. Затаевич, А. Жұбанов, Б. Ерзакович, З. Қоспақов, А.Байгаскина, Т.Бекхожина, Ә. Мұхамбетова, Ә. Нұғыманова, Х.Жүзбасов, Б. Қарақұлов, И.Қожабеков, Г. Омарова, С.Утеғалиева, Д.Амирова, Ә. Сабырова және т.б. еңбектері ғылыми-әдістемелік негіздерімен құнды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында ресейлік ғалымдар(В.А.Багадуров, И.И.Левидов, Н.М.Малинина, Д.Е.Огороднов, Н.А.Ветгулина, В.В.Емельянов, Н.Д.Орлова, Г.П.Стулова, Е.И.Алмазов, Ф.Лысек, Т.Н.Овчинникова, В.П.Морозов, Р.Юссон, Л. Б. Дмитриев, А.Аксенов, З.Кыргыз, Н.К.Мешко, Е. В. Назайкинский, С. Хим, Д.В.Смирнов, А.В.Харуто, Е.К.Карелина, т.б.)ғылыми-педагогикалық және әдіснамалық аппараттары, вокалды педагогика және ән өнерінде заманауи акустикалық зерттеу еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу жұмысыныңқойылған міндеттерін шешу барысында жалпы ғылыми теориялық (талдау, синтез, салыстырмалы түрде қарастыру) және эмпирикалық (бақылау, әңгімелесу, оқу бағдарламасын талдау, педагогикалық эксперимент) әдістер қолданылды.

#### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- диссертацияда алғаш рет қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселесі қаралып отыр;
- қазақтың дәстүрлі вокалды ерекшелігі мен академиялық вокалды ән салу мәнері салыстырмалы түрде талданып, қазақтың әншілікөнерінде орындаушылар жоғары әншілік формантаны (верхняя певческая форманта ВПФ) игергені арнайы компьютерлік бағдарламамен дәлелденіп отыр;
- - дәстүрлі ән өнерінің аспап сүйемелінде қолданылатын терминдер мен дәстүрлі орындаушылық және оқыту практикасындағы «қағыс» және «қағу» терминдерінің атау-сөздері тұңғыш рет анықталып, қолданысқа енді;
- алғаш рет Қазақстанның өнертану ғылымында Арқа әншілерінің орындаушылық ерекшеліктеріне көңіл бөленіп, Арқа ән өнерінің орындаушылық стиль, соның ішінде бір қатар тұлғалардың домбырада костап тарту ерекшеліктері ғылыми негізде тұңғыш рет талданды;
- көптен бері күрмеуі шешілмей жүрген балаларды дәстүрлі әнге оқыту мәселесі және оның бағдарламасы мен әдістемесі бірізділікке қойылды.

#### **Зерттеудің қорғауға ұсынар тұжырымдары:**

- 1) Бүгінгі мәдени-тарихи жағдайда Қазақстанда ұлттық дәстүрлерді сақтау мәселесі а) жеке мемлекеттік бағдарлама мен әлеуметтік-экономикалық шаралар кешенін құруын, б) дәстүрлі музыканттардың мемлекеттік білім алу жүйесінің жанартуын қажет етеді.
- 2) Қазіргі таңда ұлттық мәдениеттің және музыканың кәсіби дәстүрлерінің жалғасуы және таралуы *жоғарғы оқу орындарына жүктеледі*. Дәстүрлі музыканың ортасы мен әрекет ету механизмдерін жоғалтқан жағдайда осы *білім беру орындары* мамандар дайындау және дәстүрлі музыканы нақышына келтіріп, жоғары кәсіби деңгейде орындау ортасына айналуымен бірге, ұлттық музыканы насихаттау, зерттеу, келешек ұрпақтарға тапсыру міндеттеріне жауапты.
- 3) Барлық халықтарда дәстүрлі ән салудың ортақ қасиеті – *ашық дыбыста ән салу және шынайы табиғи* орындалуымен тығыз байланыста болуы, ал қазақ халықының түрлі аймақтық орындаушылық мектептердің ән салу мәнерінің қалыптасуы тікелей фонетикаға және сөйлеу сипатына тәуелді.
- 4) Дәстүрлі әншілерге дауыс қою тәсілі академиялық жаттығулардан көрі қарапайым үлгідегі халық әндері негізінде жүзеге асыру дұрыс. Мұны белгілі аға буын әншілердің (Ж.Елебеков, Ж.Кәрменовтар), бүгінгі ЖОО дауыс қою педагогтардың (Г.Қарамолдаева, Р.Жумадиловалар) ұстанымдарына және өз тәжірибеміздегі домбыра бұрауын реттеу әдісіне сүйене отырып, ұсынамыз.
- 5) Дәстүрлі әншілердің дауыстары ауқымды әрі биік және «төзімді» әрі «үшкүр» қасиеттері а) дыбыстың *толық*, яғни, кеуде, іш және диафрагманы қоса қамтитын, төменгі тұстарда қалыптасатын және әуе дінгегінің едәуір ұзындығын қамтамасыздандыратын *тыныс*, ә) дыбыстың *толық энергетикасын және әншіліктің жоғары формантасын игеру* арқылы пайда болатынын алғашқы акустикалық-лабораторялық зерттеу растады.
- 6) Арқа әншілілердің *ән шақырғы, сабақтас, тыныстама, тыныс қағыстар* әндерді домбырамен костай тартудың және ән формасының нақты жерлерінде қолданылатын түрлі нұсқаларды белгілейтін атаулар, ал әншілікте *қазу* үлгілері (мыс. «*түйдек*», «*күрей*», «*көсіп*», «*безектету*», «*қосақ*», т.б.) домбыра сүйемелінің ырғақтық-штрихтық техникасына байланысты терминдері ретінде қолданысқа ұсынылады.
- 7) Аталмыш *қағыстар* мен *қағулар*дың қолданыс ерекшеліктері Арқа өңірі әншілерінің (XX ғасырда жеке мектептерді құрған Ж.Елебеков, М.Ержанов, Ж.Кәрменов, Қ.Байбосыновтар) орындаушылық стиль ерекшеліктерін айқындайды.
- 8) Музыка мектебіндегі «Дәстүрлі ән» маманы бойынша ұсынылатын әдістеменің басты мақсаты – балалардың жүректеріне киелі әннің рухын құйып, бойына ұлттық болмысты қалыптастыра келе, тұрмыс салт-жырларын, тарихи әуендерді, эпикалық жырларды, халық әндері мен халық композиторларының әндерін, күйлерді бойларына сіңіріп, сауатты, дарынды, жан-жақты қабілеті мол ұрпақ тәрбиелеу мақсатын

көздейді. Сонымен бірге бұл – әншілік өнердің таралым мәселесін шешетін нақты бір амал, сенімді жол.

**Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу.** Диссертацияның негізгі қағидалары, тұжырымдары мен қорытындысы, зерттеу нәтижелері мерзімді басылымдар халықаралық ғылыми-конференцияларда: «Балаларды дәстүрлі әнге оқыту мәселесі» (Алматы, 2014.) «М. Ержановтың домбырада қостап тарту ерекшелігі» (Астана, 2016), «The Possibilities Of inheritance Of Great Silk Way To Prosper Cultural Personality», (Греция, 2015), «Faqirs Of Bengal» (Араб Эмираттары, 2016). Сонымен қатар, ҚР БЖҒМ білім және ғылым саласын бақылау Комитеті ұсынған ғылыми журналдарда - Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы (2014), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы (2014), «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы, Өнертану ғылымдары (2015), Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, филология сериясы (2016), «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» журналы, Өнертану ғылымдары (2016) және Thomson Reuters компаниясының мәліметтер базасына енген мерзімді басылымдарда «ACTA HISTRIAE Journal» International journal of environmental & science education (2015) журналдарында жарияланды.

Диссертация Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер Академиясының «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасында талқыланып, қорғауға ұсынылды.

#### **Диссертациялық жұмыстың құрылымы.**

Диссертация кіріспе, төрт бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер және қосымшадан тұрады.

**Бірінші** «Дәстүрлі әннің қазіргі мәдениеттегі орны» атты бөлімде, дәстүрлі әннің қазіргі замандағы хал ахуалы, сақталуы және таралым деңгейі екі бөлімшеден құралып зерттеледі. Бұл бөлімде ұлттық өнерді сақтаудың негізгі жолдары терең қарастырылып оның таралым жолдары айқындалып, нақтыланды.

**Екінші** «Қазақ дәстүрлі вокал ерекшеліктері (Арқа мектебі бойынша)» атты бөлімде дәстүрлі әншілерге дауыс кою мәселесі, дәстүрлі әншінің дауыс қызметі, дауыс түрлері, тыныстың негізгі әдіс-тәсілдері, жалпы дыбыс техникасы мен резонаторлар қасиеттері зерттеледі. Зерттеуде дәстүрлі әншілердің жоғары әншілік формантаны игергені анықталады және оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдері тұжырымдалады.

**Үшінші** «Арқа ән өнерінің орындаушылық стиль ерекшеліктері (домбыра сүйемел негізінде)» атты бөлімде дәстүрлі ән өнерінің аспап сүйемелінде қолданылатын терминдердің бұрын қолданыста болған және қазір болуы тиіс атау-сөздер талданады. Атау-сөздер ғылыми-теориялық тұрғыда терең зерттелудің нәтижесінде жүйеге келтіріледі. Сондай-ақ, бөлімшеде Арқаның негізгі төрт мектебінің домбырада қостап тарту ерекшеліктері айқындалды. Домбырада қостап тартуды жіктей отырып, оны бір-бірінен айыра зерттеудің нәтижесінде әншінің әдістемелік жүйесін анықтауға мүмкіндік туғызды.

**Төртінші бөлімде** «Дәстүрлі орындаушыларды оқыту жүйесі және музыка мектептеріндегі «Дәстүрлі ән» мамандығы» бөлімінің зерттеу

жұмысында: а) дәстүрлі «ұстаз-шәкірт» жүйесіндегі ұстаздың қызметі; ә) өткен ғасыр мен қазіргі замандағы оқыту жүйесінің өзгешеліктері мен ұқсастықтары талданды және б) музыкалық мектептегі «Дәстүрлі ән» мамандығының оқу бағдарламасы, оқу әдістемесі мәселелері терең зерттеліп, тұжырымдар ұсынылды.

**Қорытындыда** осы ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша нақты тұжырымдар келтіріледі.